

Иманбаев Айболат Серікұлы

Полиция майоры Иманбаев Айболат Серікұлы 1981 жылы 13 мамырда Ақтөбе облысы, Шалқар ауданының Қауылжыр ауылында дүниеге келген. 1988 жылы қыркүйекте Қауылжыр ауылындағы №12 орта мектептің 1-сыныбына қабылданып, 1998-2002 жылдар аралығында ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтында білім алған. Институтты бітіргеннен кейін ҚР Ішкі Істер министрлігінің «Сұңқар» арнайы мақсаттағы бөлімінің шабуылшысы лауазыма тағайындалған. 2007 жылдың мамырында арнайы мақсаттағы бөлімінің бөлімше бастығы лауазымына тағайындалған.

2011 жылдың 1 шілдесінен 9 шілдесіне дейін ҚР Ішкі Істер министрлігінің «Сұңқар» арнайы мақсаттағы жасағы аталған Министрліктің Ішкі әскерлерінің «Бүркіт» арнайы мақсаттағы бөлінісімен және Ақтөбе облысының Ішкі Істер департаментімен бірлесіп, Ақтөбе облысы Темір ауданының Шұбарши ауылында полиция қызметкерлерін өлтірген, автоматтық қарумен және жарылғыш заттармен қаруланған аса қауіпті қылмыстық топты құтқаруға бағытталған жедел-іздестіру шараларын өткізді. 8-шілдеде іздеуде жүрген қылмыстық топ Темір ауданының Кенкияк ауылынан табылды. Жеке меншік үйде жасырынған қылмыстық топты құтқару кезінде олар тәртіп сақшыларына белсенді қарулы қарсылықтар көрсеткен еді. Полиция қызметкерлері мен қылмыскерлер арасында қиян-кескі атыс басталып кетеді. Үйдің есік алдында тосқауыл қою барысында полиция майоры Айболат Иманбаев 2-шабуыл тобын басқарды. Қылмыскерлердің орналасқан орнын бақылау кезінде, жасырынып отырған бір қылмыскердің атқан оғынан полиция майоры жарақат алып, сол жерде мерт болды. Заңдылықты сақтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде қайсарлық танытып, ерлік көрсеткені үшін ҚР Президентінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы №188 жарлығымен полиция майоры Айболат Серікұлы Иманбаев ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен (қайтыс болғаннан кейін) наградталды.

Айболаттың артында екі баласы, жары, анасы мен бауырлары қалды. Айболат екі бауырын оқытып, отбасына көмектесіп, ата-анасының қамқоршысы, тірегі болды. Қамқор аға, үлгілі әке, адал жар, ата-анасына мейрімді бала бола білді. Достарының арасында сыйлы, жұмысында абройлы азамат Айболаттың есімі мәңгі есімізде сақталады...